

«Келісілді»

Атырау облысы дене
шынықтыру және спорт
басқарма басшысы

_____ Р. Ибрагимов

« _____ » _____ ЖЫЛ

«Бекітемін»

Атырау аймақтық дене тәрбиесі
және спортты дамыту орталығы
директоры

_____ С. Жекенов

« _____ » _____ ЖЫЛ

**Мектеп және колледж оқушыларының облыстық
қысқы Спартакиадасының
ЕРЕЖЕСІ**

Атырау, _____ ЖЫЛ

**Мектеп және колледж оқушыларының облыстық қысқы
Спартакиадасының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Мақсаты мен міндеттері

- 1.1. Мектеп және колледж оқушыларының облыстық қысқы Спартакиадасын (әрі қарай – Спартакиада) өткізудің мақсаты:
- 1) Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының (әрі қарай – ААДТЖСДО) ____ жылға арналған күнтізбелік жоспарын Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына сәйкес орындау;
 - 2) Болашақта бұқаралық дене шынықтыру мен спортты дамыту, мектеп және колледж оқушылары арасында патриоттық тәрбиені күшейту, салауатты өмір салтын насихаттау;
 - 3) оқушыларды дене шынықтыру және спортпен тұрақты айналысуға тарту;
 - 4) ірі халықаралық жарыстарға қатысу үшін кұрама команда кұрамындағы жас дарынды спортшыларды дайындау мен іріктеу мақсатында жұмыстар жүргізу.

2. Спартакиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

- 2.1 Спартакиаданы дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты ААДТЖСДО спартакиаданың бағдарламасына сәйкес (1-қосымша) жүзеге асырады.
- 2.2 Спартакиаданың 1, 2 және 3 кезеңін өткізуге басшылық және жауапкершілік аудандық, қалалық білім бөлімдеріне жүктеледі. Жарыстарды сапалы өткізу мақсатында қалалық, аудандық білім бөлімдері жанынан спартакиада өткізілетін орындарда ұйымдастыру комитеттері құрылады.
- 2.3 4 – ші облыстық кезеңді өткізу ААДТЖСДО-ның бұйрығымен бекітілген бас төрешілер алқасына, сондай-ақ спорт түрлері бойынша төрешілер алқасына жүктеледі.
- 2.4 Жарысқа қатысуға рұқсатты мандаттық комиссия жүзеге асырады.
- 2.5 Спартакиадаға қала және аудан, колледж құрама командалары қатысады.
- 2.6 Спартакиадаға Қазақстан Республикасының азаматтары, медициналық тексеруден өткен _____ жылы туған және одан кіші жастағы оқушылар жіберіледі.
- 2.7 Спортшылардың спартакиадаға қатысуы кезінде даулы мәселелерді

болдырмау мақсатында өңірлер алдын -ала өзара келісу қажет. Олар туындаған жағдайда аудандар мен қаланың өкілдері мандаттық комиссияның отырысына құжаттарды (жіберу туралы бұйрықтар) ұсынуы тиіс.

2.8 Спартакиадаға қатысу үшін **алдын-ала өтінімдерді** қалалық және аудандық

білім бөлімдері ААДТЖСДО-ға _____ (уақыты көрсетіледі) тапсырады.

2.9 Спартакиадаға қатысу үшін өтінімдерді қалалық және аудандық білім бөлімдері ААДТЖСДО-на _____ (уақыты көрсетіледі) тапсырады.

2.10 Жарыстарға қатысу үшін командалар мандаттық комиссияға төмендегідей құжаттарды ұсынады:

- 1) Спартакиадаға қатысу үшін дәрігердің рұқсаты берілген **өтінім** (бірыңғай және спорттың әрбір түріне жасалуы керек) (2-қосымша);
- 2) қатысушының жеке куәлігі (16 жасқа толмаған қатысушыларға-туу туралы куәлік);
- 3) оқушының оқу орнына және спорт мектебіне қатыстылығын растайтын фотосуреті бар жеке карточкасы (3-қосымша);
- 4) қатысушының сақтандыру полисі.

2.11 Жаттықтырушы-оқытушы спортшылардың жол жүру және жарыс кезіндегі өмір қауіпсіздігіне және денсаулығы үшін жауап береді.

2.12 Жарыс барысында спорт түрлері бойынша жарыстардың ережелеріне сәйкес қайта тіркеуге, төрешілер алқасымен жарыстарға жіберген және мәлімдеген команда құрамындағы қатысушылардың есебінен рұқсат етіледі.

3. Спартакиаданы өткізу шарттары

3.1. Спартакиада 5 кезеңде өткізіледі

- 1 кезең – мектепішілік (өтетін уақыты)
- 2 кезең – топтық (өтетін уақыты)
- 3 кезең – қалалық, аудандық (өтетін уақыты)
- 4 кезең – облыстық (өтетін уақыты)
- 5 кезең – республикалық (өтетін уақыты)

3.2. Спартакиаданың облыстық жарыстары спорт түрлері бойынша Халықаралық ережелерге сәйкес өткізіледі.

3.3. Екі және одан да көп командаларда ұпай саны тең болған жағдайда, спорт

түрлерінде (спорттық ойындарды қоспағанда) командалық біріншілікті анықтау кезінде спорттың міндетті түрлерінде бағдарламаның жеке нөмірлерінде бірінші, екінші және т.б. орындары көп командаға басымдылық беріледі.

3.4. Спорттың ойын түрлерінен төрешілер алқасы барлық командаларды кіші

топтарға бөледі.

3.5. Спорт түрлері бойынша командалық, жеке біріншілікті анықтау үшін ұпайларды есептеу (Қосымша 4) кесте бойынша жүргізіледі.

3.6. Командалар орындары 1-ден 8-ге дейін жинаған ұпай саны бойынша №1 шкала бойынша анықталады.

3.7. Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда, ұтылған және теңсіз кездесулердің саны және өзара ойындардың нәтижелері бойынша сол команда басымдыққа ие болады.

3.8. Облыстық жарыстарда анықталады:

- 1) бағдарламаның әрбір нөмірінде кемінде 4 спортшының қатысуымен жеке біріншілік;
- 2) спорт түрлерінен командалық біріншілік 5 команданың қатысуымен жиналған ұпай жиынтығы бойынша анықталады;
- 3) Спартакиада қорытындысы бойынша аудан және қала құрама командаларының жалпы командалық орны ең аз жинаған ұпай санымен анықталады.

4. Спартакиаданы қаржыландыру

1. Спартакиаданың бірінші, екінші және үшінші кезендердің шығындары қалалық, аудандық білім бөлімдеріне жүктеледі.

2. ААДТЖСДО төртінші кезеңнің Төрешілер алқасы, дәрігерлік қызмет көрсету, медальдар, кубоктар, дипломдар, баннерлер шығындарын төлеу жүктеледі:

3. Спартакиадаға қатысушыларға, командаларға, жаттықтырушыларға, төрешілерге, өкілдерге (Спартакиада өткізу бағдарламасына сәйкес) жарысқа баруды және қайтуды, күнделікті шығынды, жарыс кезінде тамағын іссапарға жіберуші мекеме есебінен төленеді.

5. Марапаттау

Ақтық жарыстың облыстық кезеңінде 1, 2, 3 орын алған командаларға Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының кубоктарымен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.

Байланыс телефондары:

Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығы –
Атырау қаласы, Әйтеке би 22, тел/факс: 8/7122/27-12-10, электронды почта:
arcrfks_2002@mail.ru.

Қосымша 1

Мектеп және колледж оқушыларының облыстық қысқы Спартакиадасының БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Шаңғы жарысы

Команда құрамы - 24
Ұл 10
Қыз 10
Жаттықтырушы 2
Өкіл 1
Төреші 1
Өтетін уақыты, орны;
Мандаттық комиссия:

Жарысқа қатысушылар:

1-ші топ _____ ж.т. ұлдар – 5, қыздар - 5
2-ші топ _____ ж.т. ұлдар – 5, қыздар – 5

Жарыс Халықаралық шаңғы спорты федерациясының (FIS) ережесі бойынша жеке-командалық ретінде өткізіледі. Ұлдар мен қыздар арасындағы жалпы командалық есеп бөлек есептеледі.

Шаңғы жарысынан бас төреші -

2. Футзал

Команда құрамы	- 28
Ұл	12
Қыз	12
Жаттықтырушы	2
Өкіл	1
Төреші	1
Өтетін уақыты, орны;	
Мандаттық комиссия:	

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшелігі: _____ ж.т. және одан жас.

Командалар шағын топтар бойынша бөлінеді, топтар спартакиадаға қатысқанын растаған командалар санын ескере отырып құрылады. Командалар жеребе тастау арқылы кіші топтарға бөлінеді. Алдын- ала топтарда бірінші орын алған командалар бірінші ақтық кіші топтарды құрайды.

Бірінші ақтық топ командалары:

- 4 топ бойынша-жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финал ойындары жүйесін анықтайды:
 - I – жүйе W1-W4, W2-W3;
 - II – жүйе W1-W3, W2-W4;
 - III – жүйе W1-W2, W3-W4;

Жеңген командалар 1-2 орын үшін, жеңіліс тапқан командалар 3-4 орын үшін ойнайды:

- 3 кіші топта -айналмалы жүйе бойынша ойнайды;
- 2 кіші топта – түйісу арқылы (стык) , A1-B2, B1-A2 ойнайды, ұтылғандар 3-4 орын үшін ойнайды, ұтқандар 1-2 орын үшін;

Екінші орын алған командалар екінші ақтық кіші топтарды (5-8 орынға ойнайды) құрайды.

Жарыс ФИФА ережелеріне сәйкес өткізіледі. Матчтың ұзақтығы – екі тайм 20 минуттан "грязный" уақытпен ойнатылады. Топтық кезеңдердегі командалардың орындары жиналған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады. Жеңіс үшін - 3 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай беріледі. Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда келесі үздік көрсеткіштері бар команда басымдыққа ие болады:

- Өзара ойын нәтижелері (ұпай саны, жеңіс саны, соғылған доптардың және жіберілген доптардың айырмасы, соғылған доптардың саны);
- Барлық ойындарда ең көп жеңістер саны;
- Барлық кездесулерде соғылған және өткізіп алған доптардың ең жақсы айырмашылығы;
- Барлық кездесулерде соғылған доптардың ең көп саны;
- Жеребе бойынша.

Түйісу (стык) матчтарын өткізу кезінде тең нәтиже болған жағдайда, жеңімпаз ФИФА ережелеріне сәйкес орындалатын 6 метрлік соққылар сериясы арқылы анықталады.

Ұлдар мен қыздар арасында командалық есеп бөлек жүргізіледі.

Футзалдан бас төреші –

3. Шайбалы хоккей

Команда құрамы - 25

Ұл 22

Жаттықтырушы 1

Өкіл 1

Төреші 1

Өтетін уақыты, орны;

Мандаттық комиссия;

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшелігі: _____ ж.т. және одан жас.

Командалар шағын топтар бойынша бөлінеді, топтар спартакиадаға қатысқанын растаған командалар санын ескере отырып құрылады. Командалар жеребе тастау арқылы кіші топтарға бөлінеді. Алдын- ала топтарда бірінші орын алған командалар бірінші ақтық кіші топтарды құрайды.

Бірінші ақтық топ командалары:

- 4 топ бойынша-жеребе немесе дауыс беру арқылы жартылай финал ойындары жүйесін анықтайды:

- I – жүйе W1-W4, W2-W3;
- II – жүйе W1-W3, W2-W4;
- III – жүйе W1-W2, W3-W4;

Жеңген командалар 1-2 орын үшін, жеңіліс тапқан командалар 3-4 орын үшін ойнайды:

- 3 кіші топта -айналмалы жүйе бойынша ойнайды;
- 2 кіші топта – түйісу арқылы (стык) , A1-B2, B1-A2 ойнайды, ұтылғандар 3-4 орын үшін ойнайды, ұтқандар 1-2 орын үшін;

Екінші орын алған командалар екінші ақтық кіші топтарды (5-8 орынға ойнайды) құрайды.

Жарыс 2014-2018 ж. мамыр айында ИИХФ бекіткен "Хоккей ойындары Ережесіне" сәйкес өткізіледі.

- Негізгі уақытта жеңіс үшін – 3 ұпай;
- Қосымша уақытта және буллиттер бойынша жеңіс үшін-2 ұпай;
- Қосымша уақытта және буллиттер бойынша жеңілгені үшін-1 ұпай;
- Негізгі уақытта жеңіліс үшін – 0 ұпай.

Екі немесе одан да көп командаларда ұпай саны тең болған жағдайда команда басымдыққа ие болады:

- Осы командалар арасындағы барлық матчтарда ең көп ұпай жинаған;
- Осы командалар арасындағы барлық матчтарда соғылған және өткізіп алған шайбалардың ең жақсы айырмашылығы бар;
- Барлық матчтарда ең көп жеңістері бар;
- Ең көп шайба салған.

Шайбалы хоккейден бас төреші –

4. Қысқы Президенттік көпсайыс

Команда құрамы - 25
Ұл 22
Жаттықтырушы 1
Өкіл 1
Төреші 1
Өтетін уақыты, орны;
Мандаттық комиссия:

Жарыс Қазақстан Республикасының Президенттік көпсайыстың бекітілген ережелеріне сәйкес жеке-командалық біріншілік ретінде өткізіледі.

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшелігі: _____ ж.т. және одан жас.

Жас ерекшеліктері	ұлдар	қыздар
_____ ж.т.	2	2
_____ ж.т.	2	2
_____ ж.т.	1	1

Әрбір жас тобында екі қатысушыдан артық емес спортшылар қатысады. (қыздардан бөлек, ұлдардан бөлек). Жеке есептегі жеңімпаздар Қысқы Президенттік көпсайыс бойынша нәтижелерді бағалау кестесіне сәйкес жинаған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады. Командалық есепте жеңімпаздар жарыстың нәтижесінде барлық он қатысушының жинаған ұпайларының ең көп сомасы бойынша анықталады.

Қысқы Президенттік көпсайыстан бас төреші –

Қосымша № 2

ӨТІНІШ

Мектеп және колледж оқушыларының облыстық _____ қысқы
Спартакиадаға қатысу үшін

_____ (аудан, қала)

Спорт түрі _____

№	Спортшының А.Т.Ә.	Туған жылы, айы,күні	Атағы, разряд	Бағдарла ма	Жаттықтыру шының А.Т.Ә.	Оқу орнының мекен-жайы	БЖСМ СДЮШОР	Дәрігердің рұқсаты (қолы, мері)

М.О.

Жіберілген спортшылар _____

Жаттықтырушы _____ (қолы)


Дәрігер _____ (қолы)

Білім бөлімі басшысы _____ (қолы)

« ____ » _____ ЖЫЛ

Қосымша №3

Мектеп және колледж оқушыларының
_____ жазғы облыстық спартакиадасына қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ



Спорт түрі _____

(Мектептің, колледждің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

М.О. (мектеп, колледж)

Т.А.Ә.

Туған
жылы _____

Спорт
разряды _____

Оқу орны _____

(Т.А.Ә. қолы)

Мектеп директоры
(колледж) _____

(А.Т.Ә. қолы)

Қосымша № 4

Спорт түрлері бойынша командалық біріншіліктің жеңімпазын анықтау үшін
ұпай берудің **КЕСТЕСІ**

Алған орыны	Ойын түрлері	Командалық және топтық жарыс, эстафета	Жеке орын
	Шкала №1	Шкала №2	Шкала №3
1	1	54	36
2	2	45	30
3	3	37	25
4	4	30	22
5	5	25	20
6	6	21	19
7	7	16	18
8	8	13	17
9	9	12	16
10	10	10	15
11	11	9	14
12	12	7	13
13	13	6	12
14	14	4	11
15	15	3	10
16	16	1	9
17			8
18			7
19			6
20			5
21			4
22			3
23			2
24			1

--	--	--	--